

## Жеке кәсіпкер Лидия Артуровна Курочкинаға шектеулі нысаналы пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 320 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18-бабы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке кәсіпкер Лидия Артуровна Курочкинаға меншік иелері мен жер пайдаланушылардан аталған жер телімдерін алып қоймай, Риддер қаласының 1, 6, 7-аудандарының коммуналдық желілерін пайдалану мақсатында Риддер қаласы, Самоквитов, Лев Толстой, Разин, Маяковский, Мичурин, Войков, 91 квартал, Юбилейная, Барнаульский, Грибоедов көшелері, Абай даңғылы мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы көлемі 0,245 га, жер телімдеріне 15 жыл мерзімге шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) берілсін.

2. "Риддер қаласының жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Д. Рахметкалиев*